


Келісілді
Ақтау қаласының
жекеменшік «Алма»
бөбекжайының әдіскері
Сналина У 
« 27 » 02 2026 жыл

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
«Сұңқар» ересек топ
Наурыз айы 2026 жыл 1 апта

Наурыз тәуелсіздік және отаншылдық айы.

Отан, ел, туған өлке туралы.

Қазақстанның мемлекеттік рәмізді білу,

Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу

Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Тәрбиеші: Демегенова Н. С

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.03.2026 ж	Сейсенбі 03.03.2026 ж	Сәрсенбі 04.03.2026 ж	Бейсенбі 05.03.2026ж	Жұма 06.03.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)				

	Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Ақшаны дұрыс жұмса» Шарты: Балаларға ойыншық ақша беріледі. Олар «дүкеннен» тек қажетті заттарды таңдайды (нан, сүт), артық зат алмауға үйренеді.	«Менің құқығым» Шарты: Балалар өз құқықтарын атайды (ойнауға, білім алуға, демалуға құқығы бар). Тәрбиеші жағдаят айтып, дұрыс шешім табуды ұсынады. Құқықтық сауаттылық	«Шындық па, өтірік пе?» Шарты: Тәрбиеші жағдаяттар айтады. Балалар адал әрекетті таңдайды (мысалы, жоғалған затты иесіне беру) Адалдық әліппесі.	«Мамандықты тап» Шарты: Құралдар көрсетіледі (балға, дәрі қобдишасы, қылқалам). Балалар қай мамандыққа тиесілі екенін айтады Ерте кәсіптік бағдар беру	«Мен болашақта...» Шарты: Балалар қалаған мамандығын таңдап, рөлдік ойын арқылы көрсетеді (дәрігер, мұғалім, құрылысшы). Ерте кәсіптік бағдар беру

	Қаржылық сауаттылық				
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				

Кестеге сәйкес ҰІӨ	Дене тәрбиесі Сапқа тұру. Доппен қимылды ойын Балаларды сапқа дұрыс тұруға, арақашықтық сақтауға үйрету. Доппен жаттығу арқылы қол бұлшықеттерінің дамыту. І. Кіріспе бөлім (5 минут) Балаларды сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Педагог балалардың сыртқы келбетін тексереді (аяқ	Қазақ тілі «Ана» тақырыбы Тілдік дамытушы орта Ойын: «Анама әсерлі сөз» Балалар анасына арналған сөйлемді әртүрлі интонациямен айтады (жылы, қуанышты, мақтанышпен). Мысалы: «Анашым, сіз ең мейірімдісіз!» Мақсаты дауыс ырғағын өзгертіп, тыңдаушы назарын аудару. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ойын: «Дыбысты анық айт» Сөздер: өмір, үміт, ұл, ілтипат, ғажап, қамқор.	Дене тәрбиесі Сапқа тұру. Құрсаумен жаттығу Сапқа дұрыс тұруды бекіту. Құрсаумен жаттығу арқылы икемділік пен тепе-теңдікті дамыту. І. Кіріспе бөлім (5 минут) Сапқа тұру. Сәлемдесу. Сыртқы келбетін тексеру. Жаттығулар: Жай жүріс Аяқ ұшымен жүру Өкшемен жүру Жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығуы. II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут) 1. Қолды жоғары	Музыка Музыка тыңдау Домбырада орындалған қысқа күй тыңдатылады (2 минут). Соңына дейін тыңдау талап етіледі. Тыңдау кезінде күйдің сипатын қимылмен көрсету ұсынылады: ойнақы болса жеңіл қадам, баяу болса жай тербелу. Тыңдау соңында: Күй көңілді ме, ойнақы ма? Қай кезде жылдамдады? Музыканы есте сақтау үшін күйдің басы қайта ойналады. Ойын: «Көңілді ме, баяу ма?» Екі карточка: (көңілді) / (баяу). Музыка аяқталған соң балалар карточка көтереді.	Дене тәрбиесі Сапқа тұру. Секіргішпен ойын Мақсаты: Сапқа дұрыс тұруды бекіту. Секіргіш арқылы аяқ бұлшықеттерін дамыту. І. Кіріспе бөлім Жай жүріс, жүгіру, тыныс алу. II. Жалпы дамытушы жаттығулар 1. Саусақ жаттығулары. 2. Қол айналдыру. 3. Бұрылу. 4. Еңкею. 5. Аяқ көтеру. III. Негізгі қимыл Шеңберге тұру. Орнында айналу. Оңға, солға бұрылу.
----------------------------------	---	--	---	--	--

киім, киім ыңғайлылығы) Жаттығулар: Жай жүріс Аяқ ұшымен жүру Өкшемен жүру Жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығуы. I. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут) Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу (6–8 рет). Қол білектерін айналдыру. Қолды кеудеге қою оңға, солға бұрылу. Қол белде	Балалар дыбыстарды (ө, ү, ұ, і, ғ, қ) жеке айтып, кейін сөйлем ішінде қолданады. Тыныс алу жаттығуы жасалады. Сөздік қор Ойын: «Өлеңді мәнерле» Ана туралы шағын өлеңді кідіріс жасап, логикалық екпін қойып айту. Грамматикалық құрылым Ойын: «Жай және жайылма» Жай сөйлем: «Анам қамқор.» Жайылма сөйлем: «Менің анам өте қамқор және мейірімді.»	көтеру төмен түсіру. 2. Қолды екі жаққа созып айналдыру. 3. Қол белде оңға, солға бұрылу. 4. Алға еңкею. 5. Орнында жеңіл секіру. III. Негізгі қимыл Бір-бірден сапқа тұру. Екеуден қатарға тұру. Шеңберге қайта тұру. Ара қашықтық сақтау. IV. Қимылды ойын: «Құрсаудан өт» Икемділік пен ептілікті дамыту. Ойын шарты: Құрсаулар тізбектеліп	Ән айту Таныс ән сүйемелдеумен айтылады. Кейін әннің 1–2 жолын сүйемелдеусіз айтуға талпыныс. Мәнерлеп айту: тынысты дұрыс алып, жол соңын созу, дауыс күшін сақтап айту. Ойын: «Созып айт» Ән жолының соңғы буынын бәрі бірге созып айтады (ұзақ/қысқа салыстыру). Музыкалық- ырғақтық қимылдар Таныс әнді сахналау: кейіпкерлер таңдалады (құс, бала, ана, т.б.). Қимылмен мазмұнын көрсету. Ойын: «Кейіпкер бол» Ән басталғанда әр	IV. Қимылды ойын: «Секіргішпен секіру» Балалар жеке-жеке секіреді. Белгіге дейін секіріп барып, кері қайтады. Ережесі: арақашықтық сақтау. V. Ырғақтық жаттығу Музыкамен жеңіл секіру. VI. Қорытынды Тыныс алу жаттығулары.
--	--	--	--	--

	оңға, солға еңкею. Тізені бүгіп, кезек аяқ көтеру. Педагог дұрыс орындалуын бақылайды. II. Негізгі қимыл Бір-бірден сапқа тұру. Шеңберге тұру. Оңға, солға бұрылу. Орнында айналу. Қауіпсіздік ережесі түсіндіріледі. V. Қимылды ойын: «Допты бер де отыр» Зейінділік пен ұжымдық	Байланыстырып сөйлеу Ойын: «Неге жақсы көремін?» Неге анадан жақсы көресің? Не үшін анаң саған қамқор болады? Балалар себеп-салдармен жауап береді. Музыка Музыка тыңдау Домбыраның суреті/нақты үлгісі көрсетіледі. Үні қалай шығатынына назар аудартылады. Домбырада орындалған жеңіл халық әні тыңдатылады (2–3 минут). Балалар шығарманы соңына дейін	қойылады. Балалар кезекпен құрсаудың ішінен секіріп немесе еңкейіп өтеді. Ережесі: Құрсауды құлатпау Кезекті сақтау Жүгірмеу V. Ырғақтық жаттығу Музыкамен марш жасау, қолды жоғары-төмен қозғау. VI. Қорытынды бөлім Тыныс алу жаттығулары. Қауіпсіздік ережесін еске салу.	бала өз кейіпкерін қимылмен көрсетеді, әннің бөлімі ауысқанда эпизод ауысады. Балалардың аспаптарында ойнау Домбыраның сүйемел ырғағы тыңдатылады. Балалар соқпалы аспаппен (дабыл/таяқша) ырғақты бірге береді. Металлофонда бір пластинада бірқалыпты соғу қайталанады. Ойын: «Орында да тоқта» Музыка жүргенде соғады, музыка тоқтаса қолды тізеге қояды. Билер Қазақ биіндегі қол қимылдары: алақанды сыртқа қаратып ашу, қолды жоғары көтеріп түсіру, жеңіл	
--	--	---	---	---	--

	әрекетті қалыптастыру. Ойын шарты: Балалар шеңберге тұрады. Педагог допты береді. Белгі бойынша балалар допты бір-біріне береді. Допты алған бала отырады. Доп толық айналып шыққанша жалғасады. Ырғақтық жаттығу (3–4 минут) Музыка ырғағымен: Қол шапалақтау	тыңдайды. Тыңдау кезінде иллюстрация көрсетіледі (ән мазмұнына сай: табиғат, ауыл, мереке). Музыка аяқталған соң: Музыка көңілді ме, әлде баяу ма? Қандай аспаптың үні естілді? Музыкада қай жері күштірек, қай жері жайырақ болды? Музыканы есте сақтауға көмектесу үшін әннің қысқа бөлігі қайта тыңдатылады. Ойын: «Аспапты тап» Домбыра мен фортепиано суреті беріледі. Бір дыбыс қайта		иілу. Ойын: «Қол өрнегі» Музыкаға сай «қол өрнегін» қайталау: 1) ашу 2) көтеру 3) түсіру 4) иілу.	
--	--	---	--	---	--

	Аяқпен ырғақ жасау Жеңіл айналу VI. Қорытынды бөлім (3 минут) Тыныс алу жаттығулары. Сабақты қорытындылау.	ойналады. Балалар қай аспап екенін табады. Ән айту Ән (ре—си I октава шегінде) алдымен толық орындалады. Балалар тыңдайды. Екінші рет сүйемелдеумен бірге айтуға шақырылады. Мәнерлеп айтуға баулу: сөзді анық айту дауыс күшін бірқалыпты ұстау соңғы буынды созып айту әнді қимылмен үйлестіру (қолды кеудеге қою, қолды әсем көтеру, бас изеу) Ойын: «Қайырманы бірге айт»			
--	--	--	--	--	--

		Әннің қайталанатын сөздері шыққанда бәрі бірге қосылады, соңын созып аяқтайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар Қазақ биінің қарапайым элементтері: оңға/солға қадам қолды әсем ашу жеңіл бұрылу иықты нәзік қозғау Музыка ырғағымен 2–3 рет қайталаынады. Ойын: «Қимылды қайтала» Бір бала қимылды көрсетеді, қалғандары музыкамен бірге қайталайды. Балалардың музыкалық			
--	--	--	--	--	--

		аспаптарында ойнау Балалар домбырасы таныстырылады: шегін қолмен ақырын қағып көру (кезекпен, қауіпсіз). Металлофон (бір пластина) арқылы бірқалыпты соғу көрсетіледі. Балалар қайталайды. Ойын: «Бірғақты тыңда қайтала» 2 жай соққы балалар қайталайды; 3 жылдам соққы балалар қайталайды. Билер Шеңбер бойымен ән айтып жүру. Музыка тоқтаса тоқтау. Музыка жылдамдаса			
--	--	--	--	--	--

		қадамды жылдамдату. Ойын: «Шапшаң шеңбер» Белгі бойынша бағытты ауыстыру (оңға/солға). Ептілік пен шапшаңдық дамиды.			
	Апталық дәйек сөз: <i>«Анаға құрмет адамдықтың белгісі»</i> «Ана қонақжай үйдің берекесі» Коммуникативтік дағды Тіл дамыту Сөздер мен сөз тіркестерін анық, дұрыс айтуға назар	«Ана дастарханы береке көзі» Коммуникативтік дағды Тіл дамыту Балалардың сөздерді анық, дұрыс айтуына назар аудару. «Дастархан», «ас», «тағам», «бата», «ас қайыру» сөздерінің мағынасын түсіндіру. Қазақ халқының дастархан	«Анаға құрмет үлкенге ізет» Коммуникативтік дағды Тіл дамыту Балалармен үлкендерді сыйлау, анаға құрмет көрсету туралы әңгіме жүргізу. «Қамқор ана», «еңбекқор ана», «мейірімді ана» сөз тіркестерін анық дикциямен айту. Сөйлеу барысында сөздердің дұрыс айтылуына, дыбыстарды	«Ана табиғат жанашыры» Коммуникативтік дағды Тіл дамыту Өсімдіктерге күтім жасау туралы әңгімелеу. «Суарады», «қопсытады», «гүл өсіреді» сөз тіркестерін анық айту. Сөздерді дұрыс айтуға, сөйлеу қарқынын сақтауға жаттықтыру.	«Анаға сыйлық» Коммуникативтік дағды Тіл дамыту Балалардың анаға деген сүйіспеншілігі мен алғысын сөзбен жеткізуіне мүмкіндік беру. «Анама рахмет», «Мен анамды жақсы көремін», «Анам мені күтеді» сияқты сөйлемдерді анық дикциямен айту. Сөйлеу барысында сөздерді дұрыс

	аудару. «Қонақ келді», «қонақты қарсы алды», «төрге отырғызды» тіркестерін дұрыс дикциямен айту. Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрі туралы әңгімелеу: қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, ас ұсыну. Зат есім мен сын есімді байланыстырып айту: <i>мейірімді ана, кең дастархан.</i>	мәдениеті туралы әңгімелеу: асты оң қолмен ұсыну, үлкендерге бірінші ас беру, ас ішкен соң алғыс айту. Зат есім мен сын есімді байланыстырып айту: <i>ақ дастархан, дәмді ас, мол тағам.</i> Байланыстырып сөйлеу «Ас ішіп болған соң» ұсынылған сюжетті жағдайы бойынша бата беру, ас қайыру көрінісін сахналау. Балалар рөлдерге бөлініп, өз ойларын толық сөйлемдермен жеткізеді.	жұтпай айтуға көңіл бөлу. Зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып сөйлем құрастыру. Байланыстырып сөйлеу «Анаға қалай көмектесемін?» ұсынылған сюжетті жағдай бойынша балалар өз ойларын толық сөйлемдермен жеткізеді. Балалар бір-біріне неге? не үшін? деген сұрақтар қояды, жауап береді. Көркем әдебиет Ана туралы өлең оқу, сөз өнерінің тәрбиелік мәнін түсіндіру. Санамақ айту, жаңылтпаштар	Байланыстырып сөйлеу Өсімдіктің өсуі үшін не қажет екенін ретімен айтып беру (жер, су, жарық, жылу). Балалар өз ойларын бір-бірімен байланыстырып жеткізеді. Көркем әдебиет Өсімдіктер мен табиғат туралы халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыру. Өсімдікке қатысты жұмбақтар шешу, санамақ айту. Кітаптағы өсімдік бейнеленген иллюстрацияларды өз бетінше қарап, сол бойынша шағын әңгіме құрастыру. Қазақ тілі Тынысты дұрыс алып	айтуға, дыбыстарды жұтпай, қалыпты қарқынмен сөйлеуге назар аудару. Зат есім мен сын есімді байланыстырып сөйлеу: <i>қымбат ана, мейірімді ана, сүйікті ана.</i> Байланыстырып сөйлеу «Анаға сыйлық» ұсынылған сюжетті жағдай бойынша балалар өз ойларын жүйелі түрде баяндайды. Балалар бір-біріне неге анаға сыйлық береміз?, не үшін анаға алғыс айтамыз? деген зерттеу сипатындағы сұрақтар қояды,
--	--	---	--	--	--

Байланыстырып сөйлеу «Үйге қонақ келді» сюжетті жағдайы бойынша шағын сахналық көрініс ұйымдастыру Көркем әдебиет Қазақ халқының қонақжайлылығы туралы мақал-мәтелдермен танысу. Жаңылтпаш айту: « <i>Қонақ келсе, құт келер</i> ». Кітаптағы суреттерді қарап, ана мен қонақ бейнесі	Көркем әдебиет Бата сөздерін тыңдау, мазмұнын талқылау. Санамақ айту, ыдыс-аяққа қатысты жұмбақтар шешу. Кітаптағы дастархан суреттерін қарап, сурет бойынша әңгіме құрастыру. Қазақ тілі Бата сөздерін мазмұнына сай интонациямен мәнерлеп айту. Қазақ тіліне тән ө, ү, ұ, і дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу. Математика	арқылы сөйлеу анықтылығын жетілдіру. Айтыс өнерімен таныстыру (қысқа сұрақ-жауап түріндегі диалог). Кітаптағы иллюстрацияларды қарап, сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру. Қазақ тілі Шығарманы жеткізуде дауыс ырғағын, үзілісті, логикалық екпінді қолдану. Ө, ү, ұ, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу Математика негіздері Заттарды өсу және	сөйлеу, дыбыстарды анық айту. Ө, қ, ү, ұ дыбыстарын сөз ішінде дұрыс қолдану. Математика негіздері Кеңістікте бағдарлау: алға–артқа, оңға–солға, жоғары–төмен бағыттарда қозғалу. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен белгілеу: <i>менің алдымда гүл, оң жағымда су құятын құты тұр</i> . Өлшемді салыстыру: ұзындау–қысқалау, кеңдеу–тарлау ұғымдарын қолдану.	жауап береді. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беріледі. Көркем әдебиет Ана туралы өлеңдерді мәнерлеп оқу, дауыс ырғағын, логикалық екпінді қолдану. Апта бойы үйренген мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, санамақтарды қайталау. Халық ауыз әдебиеті арқылы үлкенді сыйлау, анаға құрмет көрсету құндылықтарын бекіту. Кітаптағы ана бейнесі салынған
--	---	---	--	---

	бойынша әңгіме құрастыру. Қазақ тілі Интонацияны қолданып, қонақты қарсы алу сөздерін мәнерлеп айту: «Қош келдіңіз!», «Төрлетіңіз!». Ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізу. Математика негіздері Әртүрлі ыдыстардан құралған жиынды	негіздері 5 көлемінде тура және кері санау. «Нешінші?», «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беру. Заттарды жұппен қою арқылы тең және тең емес жиындарды анықтау.	кему ретімен орналастыру. Ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау ұғымдарын сөйлеуде қолдану. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен айту: <i>менің алдымда..., оң жағымда....</i>.		иллюстрацияларды өз бетінше қарап, сол сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру. Қазақ тілі Сөйлеу барысында интонацияны өз бетінше қолдану, тыңдаушының назарын аудару. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын толық, мазмұнды сөйлемдермен жеткізуге дағдыландыру. Математика негіздері Уақытты бағдарлау: <i>бүгін кеше ертең</i> ұғымдарын қолдану.
--	---	--	---	--	---

	қарастыру. Заттарды жұппен қойып, тең немесе тең еместігін анықтау. «Нешінші?» сұрағына жауап беру (дастарханға қойылған орындар).				Реттік сан есімдерді атау: <i>бірінші сыйлық, екінші сыйлық.</i> Заттарды жұппен салыстырып, тең немесе тең еместігін анықтау. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беру арқылы қорытынды санды айту.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Наурыз айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды				

	жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы


Вариативтік компонент	Хореография	Ағылшын тілі			
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Қоршаған әлеммен таныстыру Ана еңбегі үйдің берекесі екенін түсіндіру. Үйдегі гүлдерге күтім жасау туралы әңгімелеу. Шығармашылық дағды Сурет салу Ана мен қонақ бейнеленген	Қоршаған әлеммен таныстыру Ана дайындайтын тағамдардың өсімдіктерден алынатынын айту. Көкөністер мен дәнді дақылдардың пайдасын түсіндіру. Шығармашылық дағды Сурет салу дастархан басындағы отбасының сюжеттік	Қоршаған әлеммен таныстыру Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау: суару, жапырақ шаңын сүрту. Өсімдіктің тірі тіршілік иесі екенін, күтімді қажет ететінін түсіндіру. Шығармашылық дағды Сурет салу анаға көмектесу көрінісін сюжеттік композицияда	Қоршаған әлеммен таныстыру Өсімдіктер әлемі туралы түсінікті кеңейту. Өсімдіктің тірі тіршілік иесі екенін, оның өсуі үшін жер, топырақ, су, жарық, жылу қажет екенін тәжірибе және бақылау арқылы анықтау. Өсімдіктің даму кезеңдерімен таныстыру: тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау (суару,	Қоршаған әлеммен таныстыру Ана еңбегінің отбасы өміріндегі және табиғатпен байланыстағы маңызын түсіндіру. Ана баланы тәрбиелеп қана қоймай, өсімдіктерге, жануарларға қамқор болатынын айту. Адамның табиғатқа қамқорлық танытуы ананың үлгісі екенін қорытындылау.

	сюжеттік композиция салу, заттардың арақатынасын сақтау. Мүсіндеу Қазақтың тұрмыстық заты тостағанды мүсіндеп, ою элементтерімен безендіру. Жапсыру Геометриялық пішіндерден дастархан оюын жолаққа бірізділікпен жапсыру. Құрастыру LEGO арқылы ұжымдық «қонақ бөлме»	композициясын салу. Мүсіндеу бауырсақ, табақ мүсіндеу, оюмен безендіру. Жапсыру геометриялық пішіндерден дастархан оюын бірізділікпен жапсыру. Құрастыру LEGO арқылы «ас үй» бұрышын ұжымдық құрастыру.	бейнелеу, заттардың арақатынасын сақтау. Мүсіндеу қазақ тұрмысына тән еңбек құралы (күрек, шелек) мүсіндеу, ою элементтерімен безендіру. Жапсыру гүлдер мен жапырақтардан композиция жасау, бірізділікті сақтау. Құрастыру LEGO-дан «үй маңы» немесе «аула» құрастырып, ұжымдық жұмысты талдау.	жапырақтарының шаңын сұрту). Адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызын түсіндіру. Шығармашылық дағды Сурет салу «Гүл өсіріп жүрген ана» тақырыбында сюжеттік композиция салу. Суретте өсімдіктің бөліктерін (сабақ, жапырақ, гүл) және олардың бір-бірімен арақатынасын көрсету, композицияны сақтау. Мүсіндеу Гүл немесе өсімдік бөліктерін мүсіндеу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы пішіндегі қазақ ою	Шығармашылық дағды Сурет салу «Анама сыйлық» тақырыбында сюжеттік композиция салу. Суретте ана мен баланың өзара қарым-қатынасын, заттардың бір-біріне арақатынасын көрсету, бейненің композициясын сақтау. Мүсіндеу Анаға арналған сыйлықты (жүрек, гүл, тостаған) мүсіндеу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ пішіндегі қазақ ою элементтерімен безендіру. Жапсыру Геометриялық
--	---	---	--	---	---

	кұрастыру.			элементтерімен безендіру. Жапсыру Өсімдік элементтері мен геометриялық пішіндерден жолаққа бірізділік сақтай отырып ою-өрнек жапсыру. Жұмысты ұқыпты орындау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Құрастыру LEGO және құрылыс материалдарынан ұжымдық «гүлзар» немесе «бақша» құрастыру. Командамен жұмыс істеу, дайын құрылысты бірге талдау, нәтижеге баға беру.	пішіндер мен өсімдік элементтерінен «Анаға сыйлық» композициясын жасау. Жапсыру кезінде бірізділікті, арақашықтықты сақтап, жұмысты ұқыпты орындау. Құрастыру LEGO және құрылыс материалдарынан ұжымдық «Анаға сыйлық бұрышы» немесе «Отбасы бөлмесі» құрастыру.
Балалармен жеке жұмыс	Бағыты: Тіл дамыту Жұмыс: Сурет бойынша 3–4 сөйлем	Бағыты: Дыбыстық мәдениет Жұмыс: «Р», «С» дыбыстарын сөз ішінде айту.	Бағыты: Математика негіздері Жұмыс: 1–5 дейін санау, кері санау. Нәтиже: Сандарды	Бағыты: Логика Жұмыс: Артық затты табу, себебін айту. Нәтиже: Себеп-салдарды түсіндіреді.	Бағыты: Дыбыстық талдау Жұмыс: Сөздің бірінші дыбысын анықтау.

	кұрату. Нәтиже: Ойын жүйелі жеткізеді.	Нәтиже: Дыбысты анық айтады.	ретімен атайды.		Нәтиже: Дыбысты ажыратады.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Қар ериді» Шарты: Балалар «қар» болып тұрады. «Күн шықты!» дегенде жайлап қозғалып, алаңға тарайды (еріген қардай).	«Көктемгі жел» Шарты: Балалар жеңіл жүгіріп жүреді. «Жел күшейді!» дегенде бағыттарын тез өзгертеді.	«Тамшылар жарысы» Шарты: Екі топқа бөлініп, белгіге дейін жүгіріп барып, кері қайтады (жаңбыр тамшысындай).	«Мұз сынды» Шарты: Балалар шеңберде тұрады. Белгі бойынша «мұз» шашырап жүгіреді.	«Жылғалардан өт» Шарты: Жерге сызықтар сызылады. Балалар сызықты баспай, секіріп өтеді.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем				

	әрекет, дербес ойын әрекеті).
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут

Келісіді
Ақтау қаласының
жекеменшік «Алма»
бөбекжайының әдіскері
Сналина У 
« 06 » 03 2026 жыл

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
«Сұңқар» ересек топ
Наурыз айы 2026 жыл 2 апта

Наурыз тәуелсіздік және отаншылдық айы.

Отан, ел, туған өлке туралы.

Қазақстанның мемлекеттік рәмізді білу,

Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу

Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Тәрбиеші: Демегенова Н.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.03.2026 ж	Сейсенбі 10.03.2026 ж	Сәрсенбі 11.03.2026 ж	Бейсенбі 12.03.2026ж	Жұма 13.03.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру				

	Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		«От қауіпті!» (Өрт қауіпсіздігі) Ойын барысы: «Сіріңке кімге арналған?» (Үлкендерге!) «Өрт шықса, не істеу керек?» (Үлкендерге айту!) Балалар өрт сөндірушілердің рөлін ойнайды: «Өрт шықты!» дегенде балалар қолдарымен су шашып, өртті сөндіргендей әрекет жасайды. «101» нөмірін есте сақтау маңызды екенін үйренеді. Қауіпсіздік ережелері	Балаларға үйдегі қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі: Розеткаға қол тигізбе! Пышақты ұстама! Дәрілерді өз бетіңше ішпе! Қауіпсіздік ережелері «Кімнің заттары?» Балаларға әртүрлі заттар көрсетіледі. Олардың иесін анықтау сұралады: «Бұл кімнің заттары?» «Әже не киеді?» «Әке жұмысқа не алып барады?» Балалар жауап береді және өз тәжірибелерімен бөліседі. Әлеуметтік дағдылар	«Таза су, лас су» (Суды сүзу) Тәжірибе барысы: Балаларға екі стакан суды көрсетіп, қайсысы таза, қайсысы лас екенін сұраңыз. Лас суды сүзгі арқылы өткізіп, оның тазаланғанын бақылаңыз. Қорытынды: «Лас суды ішуге болмайды! Табиғатты таза ұстауымыз керек!» Экологиялық тәрбие	«Қыз куу» Балалар екі топқа бөлінеді: ұлдар және қыздар. Ойын басталғанда, қыздар алға жүгіріп кетеді. Белгілі бір қашықтықтан кейін (тәрбиеші белгілеген сызықтан) ұлдар қыздарды қуып жетуі керек. Егер ұл бала қызды қуып жетсе, қызға жеңіл қол тигізіп "қуып жеттім!" деп айтуы керек. Егер қыз мәреге бірінші жетсе, ол "жеңімпаз" атанады. Дене тәрбиесі, бір тұтас тәрбие
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату				

	Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҰІӨ		Қазақ тілі Көктем» тақырыбы	Дене тәрбиесі Сапқа тұру. Табан жаттығулары Балалардың сапқа тұру дағдысын бекіту. Жалпақ	Музыка Музыка тыңдау Домбырамен орындалған ән тыңдалады. Иллюстрациялар	Дене тәрбиесі Сапқа тұру. Бағытты бағдарлау Кеңістікті бағдарлау қабілетін

	Тілдік дамытушы орта Ойын 1: «Көктемді сипатта» «Көктемде күн жылынады, қар ериді, құстар ұшып келеді.» Балалар жауапты әсерлі, дауыс ырғағын өзгертіп айтуға тырысады. Ойын 2: «Көктемді әртүрлі айт» Балалар «Көктем келді!» сөйлемін: қуанышты, таңдана, баяу, көтеріңкі көңілмен айтады. Тәрбиеші дауыс қарқыны мен мәнеріне назар аударады. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ойын 1: «Ө	табандылықтың алдын алу, табан бұлшықеттерін шынықтыру. I. Кіріспе бөлім (5 минут) Сапқа тұру. Сәлемдесу. Жаттығулар: Жай жүріс Аяқ ұшымен жүру Өкшемен жүру Жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығулары. II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут) 1. Қолды жоғары көтеру төмен түсіру. 2. Қолды айналдыру. 3. Қол белде бұрылу.	ретімен көрсетіледі (оқиға желісі). Балалар соңына дейін тыңдайды, кейін суреттерді ретімен қояды. Ойын: «Суретті ретте» Музыкаға сай 3–4 суретті дұрыс ретке келтіру (есте сақтау, мазмұнды түсіну). Ән айту Ән сүйемелдеумен айтылады, содан кейін шағын бөлігін сүйемелдеусіз айту. Мәнерлеп айту: көңілді жерін көтеріңкі, тыныш жерін жұмсақ айту. Жол соңын созып айтуға көңіл бөлу. Ойын: «Дауыс бояуы» Белгі бойынша: «жай» жұмсақ айту, «қатты» сәл көтеріңкі айту.	дамыту. Сапта дұрыс бұрылуды бекіту. I. Кіріспе бөлім Сапқа тұру. Жай жүріс, жүгіру. Тыныс алу жаттығулары. II. Жалпы дамытушы жаттығулар 1. Саусақ жаттығулары. 2. Қол айналдыру. 3. Бұрылу. 4. Еңкею. 5. Аяқ көтеру. III. Негізгі қимыл Бір-бірден сапқа тұру. Белгі бойынша оңға, солға бұрылу. Орнында айналу. IV. Қимылды
--	---	--	---	---

	дыбысын анық айт» Ө дыбысы бар сөздерді айтады: Өзен, көгершін, көктем, көбелек. «Көктемде өзен тасиды.» Ө дыбысын созып айту жаттығуы жасалады. Ойын 2: «Қ дыбысы қайда?» «Қар не істеді?» «Қар еріді.» «Құстар келді.» Қ дыбысын анық, қалыпты қарқынмен айтуға жаттығады. Тыныс алу жаттығуы: мұрынмен дем алып, сөйлемді бір тыныспен айту. Сөздік қор Ойын 1: «Көктемді мәнерлеп айт» Балалар көктем туралы 4–5 сөйлем құрайды және	4. Алға еңкею. 5. Орнында жеңіл секіру. III. Негізгі қимыл Шеңберге тұру. Орнында айналу. Бағыт бойынша жүру. IV. Қимылды ойын: «Жалаң аяқ жолмен жүру» Табан бұлшықеттерін дамыту, шынықтыру. Ойын шарты: Балалар арнайы массаж жолақтарымен немесе тегіс емес бетпен жалаң аяқ жүреді. Ережесі: Жүгірмеу Бірінің артынан бірі жүру Итермеу	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Ән мазмұны бойынша сахналау: бір топ «ән айтушылар», бір топ «кейіпкерлер». Эпизод ауысқанда кейіпкерлер қимылы өзгереді. Ойын: «Эпизод ауысты» 1-эпизод жүру, 2-эпизод қол бұлғау, 3-эпизод шеңберге жиналу. Аспапта ойнау Металлофонда (бір пластина) әннің соқпақ ырғағын соғу. Домбыра үні қосылғанда ырғақ беру, тыныш жерде тоқтау. Ойын: «Қосыл тоқта» Қайырмада ғана аспаппен қосылады, куплетте тоқтайды. Би	ойын: «Бағытты тап» Зейін мен кеңістікті бағдарлауды дамыту. Ойын шарты: Педагог «оңға», «солға», «алға», «артқа» деп бағыт береді. Балалар сол бағытта қозғалады. Ережесі: Белгіні мұқият тыңдау Қателеспеу Итермеу V. Ырғақтық жаттығу Музыкамен шеңбер бойымен жүру. VI. Қорытынды бөлім Тыныс алу жаттығулары. Сабақты қорытындылау.
--	---	--	---	--

		мәнерлеп айтады: «Көктем келді. Күн жылынды. Қар еріді. Жасыл шөп өсті.» Логикалық екпін, үзіліс жасауға көңіл бөлінеді. Тілдің грамматикалық құрылымы Ойын 1: «Сөйлемді кеңейт» Жай сөйлем: «Қар еріді.» Жайылма сөйлем: «Көктемде күн жылып, қар тез еріді.» Балалар сөйлемді өздері толықтырып айтады. Ойын 2: «Қандай? Не істеді?» әдемі гүл өсті жылы күн шықты жасыл шөп жайқалды Сөз тіркестерімен жайылма сөйлем	Қауіпсіздік: Жолақ тайғақ болмауы тиіс. V. Ырғақтық жаттығу Музыкамен баяу марш. VI. Қорытынды бөлім Тыныс алу жаттығулары. Ауыз шаю ережесін еске салу.	Қазақ биінің қарапайым элементтері қайталанады: қадам + қол өрнегі + бұрылу. Ойын: «Би пазлы» Қимылды бөліктерге бөліп үйрену: 1) қадам 2) қол 3) бұрылу — соңында біріктіру.	
--	--	--	--	--	--

	құрастыру. Байланыстырып сөйлеу Ойын 1: «Неге? Не үшін?» Неге көктемде қар ериді? Не үшін құстар жылы жақтан оралады? Балалар себеп-салдар байланысын толық сөйлеммен түсіндіреді Музыка Музыка тыңдау Бір ән алдымен домбырамен, кейін басқа аспаппен (фортепиано/аудио) орындалады. Балалар соңына дейін тыңдайды, айырмашылығын байқайды: дыбыс жұмсақ па, анық па. Есте сақтау үшін домбырадағы нұсқасы қайта			
--	---	--	--	--

		тыңдатылады. Ойын: «Қай нұсқа?» Балаларға екі белгі: «Домбыра» / «Басқа аспап». Қайта дыбыс тыңдап, дұрыс белгіні көтереді. Ән айту Ән сүйемелдеумен айтылады, кейін қайырмасы сүйемелдеусіз айтылып көріледі. Әнді созып, қимылмен үйлестіру: қайырмада қолды ашу, соңында қолды кеудеге қою. Ойын: «Әуенді жалғастыр» Әннің бастапқы бөлігі айтылып, соңғы сөз тіркесін балалар бірге аяқтайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар			
--	--	--	--	--	--

		Музыка көңілді, ойнақы екенін қимылмен көрсету: жеңіл секіру қадамы, қол бұлғау, бұрылу. Ойын: «Музыка өзгерсе қимыл өзгер» Баяу бөлік жай жүру, жылдам бөлік шапшаң қадам, тоқтау қатып қалу. Аспапта ойнау Балалар домбырасы: 1–2 бала кезекпен шегін қағып көреді. Қалғандары таныс әуеннің ырғағын соқпалы аспаппен береді. Ойын: «Кім бастайды?» Ырғақты бір бала бастап береді, қалғандары қосылып қайталайды. Би Шеңбер бойымен ән айтып жүру,			
--	--	--	--	--	--

		бағытты ауыстыру, қимылды тез өзгерту. Ойын: «Бағыт ауыстыр» Белгі естілсе шеңбер бағытын ауыстырады (ептілік).			
		Апталық дәйек сөз: « <i>Көктем табиғаттың жаңаруы</i> » «Көктем белгілері» Коммуникативтік дағды Тіл дамыту Ойын: «Көктем сөздері» Балалар көктем туралы әңгімеге қатысады. Тәрбиеші «көктем келді», «күн жылынды», «қар еріді» сөз тіркестерін айтады, балалар сол сөздерді анық, дұрыс	Көктемгі табиғат Коммуникативтік дағды Тіл дамыту Ойын: «Қандай?» Балалар тәрбиеші айтқан затқа лайық сын есімді таңдап айтады: шөп жасыл, күн жылы. Байланыстырып сөйлеу Ойын: «Бір сурет бір әңгіме» Балалар көктемгі табиғат суретіне қарап, бір-бір сөйлем қосып, ортақ әңгіме	Көктемгі еңбек Коммуникативтік дағды Тіл дамыту Ойын: «Кім не істеді?» Балалар көктемгі еңбек түрлерін атап, «егеді», «суарады», «қопсытады» сөздерін қолданып сөйлем құрайды. Тәрбиеші әрекетті көрсетіп, балалар оның атауын айтып береді. Байланыстырып сөйлеу Ойын: «Бақшадағы бір күн»	Көктемдегі құстар Коммуникативтік дағды Тіл дамыту Балалар көктемде ұшып келетін құстар туралы әңгімелейді, «құстар келді», «ұя салды», «ұшты» сөз тіркестерін анық, дұрыс айтады. Ойын: «Дұрыс айт» Тәрбиеші сөз тіркесін айтады, балалар оны анық дикциямен қайталайды, қате айтылса түзетеді.

	дикциямен қайталап, қай сөз көктемге қатысты екенін айтады. Байланыстырып сөйлеу Ойын: «Көктем келді» Балалар рөлдерге бөлініп (күн, гүл, жел), шағын сахналық көрініс арқылы көктемнің келгенін қысқа сөйлемдермен баяндайды. Көркем әдебиет Ойын: «Сурет сөйлейді» Балалар көктем туралы өлең тыңдайды, жаңылтпаш айтады, кітаптағы суреттерді қарап, әр бала сурет бойынша бір сөйлем айтады. Қазақ тілі Ойын: «Қалай	құрастырады. Көркем әдебиет Ойын: «Жұмбағын тап» Балалар жұмбақтың шешуін тауып, неге солай ойлағанын айтып береді. Қазақ тілі Ойын: «Сөйлемді жалғастыр» Тәрбиеші сөйлемді бастап береді, балалар жалғастырып айтады. Математика негіздері Ойын: «Гүлдерді ретте» Балалар гүлдерді санап, ретімен орналастырып, нешінші тұрғанын айтады.	Балалар көктемгі бақшадағы еңбекті ретімен айтып, таңертең не істелетінін, кейін не болатынын әңгімелейді. Көркем әдебиет Ойын: «Не туралы?» Балалар еңбек туралы шағын әңгімені тыңдап, кейіпкерлердің не істегенін айтып береді. Қазақ тілі Ойын: «Сөзден сөйлем» Балаларға бірнеше сөз беріледі, сол сөздерден жай немесе жайылма сөйлем құрастырады. Математика негіздері Ойын: «Өсіп тұр» Балалар еңбек құралдарын немесе өсімдіктерді кішіден	Байланыстырып сөйлеу Балалар «Құстар келді» сюжетті жағдайы бойынша шағын көрініс құрайды. Ойын: «Бір сөйлем бір ой» Әр бала құстар туралы бір сөйлем айтып, әңгіме бірізді жалғасады. Көркем әдебиет Балалар құстар туралы өлең тыңдайды, жаңылтпаш айтады. Ойын: «Кім тез айтады?» Балалар жаңылтпашты анық, тоқтамай айтуға тырысады. Қазақ тілі Балалар сөйлемдерді интонациямен айтады, ө, ү, ұ, і, ғ
--	---	--	--	--

		айтамыз?» Балалар «Көктем келді», «Күн жылынды» сөйлемдерін әртүрлі интонациямен айтып көреді, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстары бар сөздерді анық айтуға жаттығады.		үлкенге қарай орналастырып, ретімен санайды.	дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға жаттығады. Ойын: «Дыбысты естіп айт» Тәрбиеші дыбысы бар сөз айтады, балалар сол дыбысты бөліп айтады. Математика негіздері Балалар құстар бейнеленген жиынды қарайды, жұппен салыстырады, реттік санды атайды. Ойын: «Қайсысы нешінші?» Балалар құстарды ретімен қойып, нешінші тұрғанын айтады.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын				


	тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Серуен	Наурыз айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Вариативтік компонент	Хореография	Ағылшын тілі			
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		Математика негіздері Ойын: «Жұбын тап» Балалар көктемге байланысты суреттерді жұппен орналастырып, олардың тең немесе тең емес екенін анықтайды. Қоршаған әлеммен	Қоршаған әлеммен таныстыру Ойын: «Не керек?» Балалар өсімдікке не қажет екенін атап шығады. Шығармашылық дағды Ойын: «Гүлзар жасайық»	Қоршаған әлеммен таныстыру Балалар өсімдікке не қажет екенін айтады. Ойын: «Өсімдікке не керек?» Балалар су, жарық, жылуды атап көрсетеді. Шығармашылық дағды	Қоршаған әлеммен таныстыру Балалар құстардың тірі табиғат иесі екенін, оларға қамқорлық қажет екенін түсінеді. Ойын: «Құстарға көмектес» Балалар құстарға не

		таныстыру Ойын: «Не өзгерді?» Балалар суреттерді салыстырып, көктемде табиғатта қандай өзгеріс болғанын айтып береді. Шығармашылық дағды Ойын: «Көктемгі шеберхана» Балалар сурет салып күн мен бұлтты бейнелейді, мүсіндеуде қарапайым пішіндерден гүл немесе күн жасайды, жапсыруда қағаздан күн сәулелерін орналастырады, құрастыруда LEGO арқылы көктемгі алаң жасайды.	Балалар гүл суретін салады, мүсіндейді, жапсырады және LEGO арқылы гүлзар құрастырады.	Балалар гүлді бейнелейді, оюмен безендіреді. Ойын: «Гүлзар» Балалар сурет салып, мүсіндеп, жапсырып, гүлзар композициясын жасайды.	қажет екенін айтып шығады (су, тыныштық, ұя). Шығармашылық дағды Балалар сурет салады, мүсіндейді, жапсырады, құрастырады. Ойын: «Құс ұясы» Балалар түрлі материалдарды пайдаланып құс және ұя жасап, ортақ композиция құрады.
--	--	--	---	---	--

Балалармен жеке жұмыс		Бағыты: Қоршаған ортамен танысу Жұмыс: Жыл мезгілдерін атау. Нәтиже: 4 мезгілді ажыратады.	Бағыты: Ұсақ моторика Жұмыс: Қиып-жапсыру жұмысы. Нәтиже: Қайшымен дұрыс жұмыс істейді.	Бағыты: Сөйлеу мәдениеті Жұмыс: Сыпайы диалог құру. Нәтиже: 2–3 сөйлеммен жауап береді.	Бағыты: Есте сақтау Жұмыс: 4 сөзді есте сақтап қайталау. Нәтиже: Есте сақтау қабілеті дамиды.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
